



# Алтай Арқаның төрінде жүр

**Бүгін Астанадағы Шығыс**

**Қазақстанның күндері басталады**

**Серік Әбілхан**

Алтайдан шеру тартқан салтанатты керуен Арқа төсіндегі ару Астанаға келіп жетті. Бүгін еліміздің бас қаласында Шығыс Қазақстан облысының мәдени күндері шымылдығын түрді.



Ең бірінші болып астаналық ағайындарға Алтайдың сәлемін жеткізу мәртебесі Шығыс Қазақстанға бұйырды. Көз жауын алар көрікті дүниелер де, құлақ құрышын қандырар құйқылжыған тамаша ән мен жыр да, таланттардың таңдай қақтырар өнерлері де, бәрі де – шырайлы Шығыстың тартуы.

Кеше кешкісін «Шұғылалы Шығыс шақырады» атты жарнамалық-театрландырылған кавалькада елордалықтардың назарын өзіне еріксіз аудартты. Астана көшелерінде ұйымдастырылған бұл көріністің негізгі мақсаты – қала тұрғындары мен қонақтарының көңіл күйін көтеріп, көрермендеріне тамаша қойылым сыйлау. Кавалькадаға бізден жиыны жиырмаға жуық әртіс қатысты.

Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сомдаған Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының әртістері Астана көшелерін аралап, қала тұрғындары мен қонақтарын қыркүйектің сегізі, тоғызы күндері өтетін Шығыс Қазақстанның мәдени күндеріне шақырды.

(Соңы 2-бетте)